




3.4. сурет. Газ таратқыш механизмдердің жетектері.
а) – ЯМЗ-236; б) – ЗИЛ, ГАЗ-33-01; в) – КамАЗ; г) – ВАЗ-2107

қозғалтқыштарының таратқыш біліктерінің жетектері.
1-май сорабының жетегінің тісті дөңгелегі; 2, 11-аралық тісті дөңгелек; 3-мінді біліктің таратқыш тісті дөңгелегі; 4, 7, 10-тістерге салынатын белгілер; 5-таратқыш біліктің тісті тегеріші; 6, 9-отын сорабы жетегінің тісті дөңгелегі; 8-желдеткіш жетегінің тісті дөңгелегі; 12-рөлдік күшейткіш насосының тісті дөңгелегі; 13-компрессор жетегінің тісті дөңгелегі; 14-шығырдың жетектегі шеті; 15-таратқыш механизмнің табаны; 16-таратқыш механизм; 17-таратқыш білік; 18-тығылтандырғыш; 19-шығырдың жетекші шеті;

3 сурет

1.3.Клапандар механизмдерінің бөлшектері

Газ тарату механизмінде таратқыш біліктің жоғары және төмен орналасуында клапандардың жетектері беріліс бөлшектері (түрткіш, штанга, күйенте) арқылы іске қосылады.

Түрткіштер. Таратқыш біліктен берілген күшті штанга арқылы күйентеге жеткізу үшін түрткіштер қолданылады. Оларды болаттан немесе шойыннан құйып жасайды. Түрткіштер цилиндрлі немесе рычагты – роликті болады. ЯМЗ дизельді қозғалтқыштарында рычагты – роликті түрткіштің таратқыш біліктің үстінде жеке өске 1 орнатылған тербелмелі түрі қолданылады. Түрткіштің 3 ролигі 2 таратқыш біліктің жұдырықшасына жанасып тұрады. Роликтің өсі иыелі